



Ақмешіт

3 наурыз
сейсенбі
№17 (2229)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЭКОНОМИКА



ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Елімізде цифрлық теңгенің қолдану аясын кеңейту жүйелі түрде енгізіліп жатыр. Қазақстан Ұлттық Банкі «Цифрлық теңгелерді шығару, айналысқа енгізу және өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулы жобасын әзірледі. Бұл қадам қаржылық қызметтердің қауіпсіздігін арттырып, ақша ағындарының ашықтығын күшейтуге бағытталған. Жеке және заңды тұлғалар цифрлық шоттарды екінші деңгейлі банктер арқылы аша алады. Жаңа қаулы жобасы цифрлық шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібін, цифрлық теңгені таңбалау механизмін, смарт-келісім шарттарды қолдану қағидаларын және платформа қатысушыларына қойылатын талаптарын анықтайды.

Цифрлық теңге – ұлттық валютаның цифрлық нысаны және заңды төлем құралы деуге болады. Оны шығару, айналысқа енгізу және өтеу Ұлттық Банктің арнайы цифрлық платформасында жүзеге асады. Жоба аясында цифрлық теңгенің құқықтық мәртебесі бекітіліп, барлық операция цифрлық теңгемен жүргізіледі. Сонымен бірге жол құрылысы, фермерлерді кредиттеу мен субсидиялау бойынша пилоттық жобалар іске асырылып, қосылған құн салығын қайтару мерзімі 55-70 күннен 5 күнге дейін қысқарды.

2-БЕТТЕ

БІЛІМ САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП КҮШЕЙЕ БЕРЕДІ



ҚР Оқу-ағарту министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтіп, білім беру саласындағы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басым бағыттары айқындалды. Жиынға ҚР Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент депутаты, ҚР Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмәділлаев, сондай-ақ салалық қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, өңірлік білім басқармаларының басшылары, мектеп директорлары мен педагогтер қатысты.

Алқа отырысында Премьер-министрдің орынбасары Аида Балаева Жаңа Конституция жобасында білім саласының мәні айқындалып, маңызды құндылық ретінде көрініс тапқанын атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтитын «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы елдегі әрбір балаға арналған әлеуметтік қорғауға қатысты негізгі мемлекеттік шараларды қамтиды.

2-БЕТТЕ

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!



РОБОТ ИТТІҢ КӨМЕГІ

Елордада өткен Alem TechFest – 2026 республикалық технологиялық фестивалі биыл тартысқа толы болды. «RoboCup Rescue» санатында Unitree Go2 робот итерімен сынаға түскен командаларға өте қысқа уақыт беріліп, қатысушылардан бір мезетте әрі инженер, әрі зерттеуші, әрі тың әдіс талап етілді. Осындай жоғары талап жағдайында Қызылорда облысының намысын қорғаған Қорқыт Ата университетінің LUPIC командасы қарсыластарын басып озып, I орынды иеленді. Бұл жеңістің артында ұйқысыз түндер, қайта-қайта жасалған тест, таптырмас амал және роботқа «көз бен ой» беруге ұмтылған тың идея жатыр. «RoboCup Rescue» санатындағы тапсырмалар сырт көзге «роботты жүргізу» сияқты көрінгенімен, шын мәнінде бұл қауіп-қатері жоғары ортада нақты шешім қабылдай алатын жүйе құруға бағытталған күрделі сынақ. Лабиринт тәрізді жолдар, күтпеген кедергілер, камера мен сенсорға түсетін ауыр жүктеме, уақыт қысымы қатысушылардан тек код жазуды ғана емес, нақты инженерлік тәртіпті, тұрақты жүйе құра алатын төзімділікті талап етті.

2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫҚ КӘСІП

«Lotus Flowers» гүлдер дүкенінің флористі Нұрбек МЕЙРАМУҰЛЫ: АДАМДАРДЫҢ БАҚЫТТЫ СӘТТЕРІНЕ СЕБЕПКЕРМІН

Біз әдемі гүл шоғын сатып аламыз. Алайда оның артында қаншама еңбек пен жауапкершілік тұрғанын біле бермейміз. Гүлді әдемі етіп оран ұсыну кез келгеннің қолынан келе бермейді. Осы орайда флористтің еңбегін айта кеткен жөн. Бір қызығы, флорист мамандығын көбіне жігіттер таңдайды екен. «Lotus Flowers» гүлдер дүкенінің флористі Нұрбек Мейрамулы гүлмен жұмыс істеудің қырсырын айтты.



– Бұл саланы қалай таңдадыңыз?
– Студент кезімде жұмыс іздеп, қаладағы ірі гүл сататын дүкендерге түйіндеме қалдырдым. Қазіргі «Романтик», «Евробукет» секілді гүлдер дүкеніне бардым, бірақ кері байланыс болмады. Студенттерді жолатқысы келмеді. Кейін «тегін жұмыс істеймін, тек үйренгім келеді» деп хабарластым. Нөмірімді алып қалып, бір аптадан кейін хабарласты. Осылайша «Романтик» гүлдер дүкенінде жұмыс істей бастадым. Гүлдердің ортасында жұмыс істеу қызық екен.

4-БЕТТЕ

ҚАЛТАДАҒЫ «ДАНЫШПАН» немесе AI-ассистенттердің жаңа дәуірі

Жыл басынан бері технологиялық алпауыттар жасында интеллектті қарапайым гаджеттерге толықтай кірістіруді қолға алды. «The Verge» басылымының жарияланған ақпаратына сүйенсек, биылғы қаңтарда таныстырылған жаңа смартфондар енді жай ғана телефон емес, сіздің жеке көмекшіңізге айналады.

3-БЕТТЕ

Соңғы күндері қаржы нарығында өзгерістер байқалды. АҚШ долларының бағамы төмендеп, теңге күшейді. Құбылыс уақытша ма, әлде ұзақ мерзімді ме? Бұл сұрақ халық арасында да талқылануда. Қазақстан қор биржасында 1 доллар 497 теңгеден бағаланып, бұған дейін 500-ден түспеген АҚШ валютасы арзандады. Көк қағаз былтыр қазан, қыркүйек айында 550 теңгеге дейін жуықтаған еді. Жыл соңына қарай теңгенің күшейе бастағаны байқалды.

Ел экономикасы мұнай экспортына тәуелді болғандықтан

ДОЛЛАР АРЗАН, ТЕҢГЕ ҚЫМБАТ



қара алтын бағасының тұрақты болуы валютаға әсер етеді. Нарық заңдылығы бойынша ұсыныс артқан жерде баға төмендейді. АҚШ валютасының арзандауының тағы бір себебі салық кезеңі. Ірі экспорттаушы компаниялар теңгемен есеп айырысу үшін валюталық түсімді теңгеге айырбастайды.

Нәтижесінде нарықта доллар көбейді. Экономист Бауыржан Ысқақов мұның маусымдық фактор екенін айтады. Сонымен бірге ол әлемдік нарықта мұнай бағасы жоғары болса, елге доллар көп түсіп, теңгені қолдайтынын айта келіп базалық мөлшерлемені көбейткен ұлттық банк саясаты да доллар арзандауға әсер ететінін жеткізді.

– Депозиттегі жоғары пайыз да теңгені тартымды етеді. Соның нәтижесінде халық пен бизнес өкілдері ақшаны теңгеде сақтауға мүдделі. Бұл да теңге сұранысын арттырады, – дейді сарапшы.

2-БЕТТЕ

ШЕТЕЛДІК КЛИНИКАЛАРДАН КЕМ ТҮСПЕЙТІН АУРУХАНА

Сыр өңірінде денсаулық сақтау саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Жаңа нысандар салу және заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бүгінде қолға алынған. Қазіргі уақытта тұрғындар сұранысына сай, облыс орталығында 300 орындық аурухананың құрылысы жүруде. Оған ауысымына 100 адам қабылдайтын емхана мен онкологиялық бөлімше енгізілген.

Әлеуметтік нысан Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынууда. Аурухана заманауи техникалық шешімдерді ескеріп



жобаланған, ең озық технологиямен қамтамасыз етіледі. Диагностика және емдеу бойынша заманауи стандарттарға сай келетін жоғары технологиялық инновациялар енгізіледі, бұл медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырады. Осылайша Қызылордада шетелдік клиникалардан еш кем түспейтін заманауи медициналық кешен пайда болады.

«Мелиоратор» серіктестігі қолға алған жобаға 36 млрд 416 млн теңге қаржы қаралған. Бұл – аймақтағы халықаралық стандарттарға сай, ең ауқымды жобалардың бірі. Аумағы 57 мың шаршы метр, 7 гектар жерге орналасқан. Нысан 10 блоктан тұрады: емхана, пансионат, конференц-зал, асхана, физиотерапия, қабылдау бөлімі, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, опера-



«Ақмешіт-ақпарат»



БІЛІМ САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП КҮШЕЙЕ БЕРЕДІ

Әрбір бала үшін тең мүмкіндік

Мемлекет басшысының тапсырмасымен алғаш рет 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы әзірленді.

– Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – әрбір баланың білім алу, денсаулығын сақтау, әлеуметтік қорғалу және отбасында тәрбиелену құқықтарын қамтамасыз ететін жүйелі әрі үйлестірілген тәсілді қалыптастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін құжат балалардың қауіпсіздігін күшейтуге, психологиялық және әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ ведомстваралық үйлестіруді нығайтуға бағытталған. Қазақстан балалардың құқықтарын қорғауға арналған мақсатты ұлттық стратегиясы бар санаулы мемлекеттердің бірі, – деді оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

– Балалардың тамақтануы мен санитариялық қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Мектептегі тамақтанудың жаңа стандарты енгізіліп, оның сапасы мен санитариялық талаптардың сақталуына бақылау күшейтілді. Мектепке дейінгі білім беру саласында «Ақша балаға беріледі» қағидаты бойынша ваучерлік қаржыландыру енгізілді. Бұл тетік кезекті екі есеге қысқартуға және 21 млрд теңгеден астам қаражатты үнемдеуге мүмкіндік берді. Елімізде 11900 балабақша жұмыс істейді, онда шамамен 1 миллион бала тәрбиеленуде, ал мектепке дейінгі сыныптарда 163 мыңнан астам бала білім алуда, – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Сапалы білім – жарқын болашақ

Қазіргі таңда білім саласын жаңа деңгейге көтеру бағытындағы жүйелі реформалар іске асуда. Ал 2025 жыл отандық білім саласы үшін «еңістер жүйесі» ретінде тарихқа енген. Ресми ақпаратқа сүйенсек, халықаралық аренада 1720 оқушы бақ сынап, ел қоржынына 1006 медаль салған. Әсіресе, робототехника, химия және физика пәндерінен қазақстандық оқушылар әлемдік деңгейде көш бастап, абсолютті чемпион атанған. Мемлекет басшысының бастамасымен биыл олимпиада жеңімпаздары мен олардың тәлімгерлеріне 100 миллион теңгеден астам сыйақы берілген.

Мектеп инфрақұрылымын дамытуда «Келешек мектептері» ұлттық жобасы шешуші рөл атқарғаны белгілі. Жоба аясында 460 мың орынға арналған

217 жаңа мектеп бой көтеріп, олардың техникалық жабдықталу сапасы жоғарылады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық арқылы тәркіленген қаражат есебінен еліміздің демографиялық өсімі жоғары өңірлерінде 77 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Ауыл мен қала мектептері арасындағы білім алшақтығын жою – мемлекеттік саясаттың өзегіне айналды.

Алқа отырысында инклюзивті білім беру мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. Премьер-министрдің орынбасары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін барлық жағдай жасалу керектігін ерекше атап өтті. Елімізде қала мен ауыл мектептері арасындағы цифрлық алшақтықты жоюға бағытталған «Qazaq Digital Mektebi» жобасы жүзеге асуда.

Ротациялау ережесі өзгерді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары нәтижесінде еліміздегі мұғалімдердің мәртебесі көтеріле бастады. Оқу-ағарту министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында мұғалімдердің жалақыға қанағаттану деңгейі бойынша әлемдегі үздік бес елдің қатарына енгенін атап айтты. Бүгінде еліміздегі педагогтардың 95%-ы өз жұмысына көңілі толағынын мәлімдеген. Оның негізгі себебі – мұғалім мәртебесі туралы заңның қабылдануы. Соның нәтижесінде мұғалімдердің апталық жүктемесі 50 сағаттан 36 сағатқа дейін қысқартылып, демалыс уақыты 56 күнге ұзартылды. Соңғы жылдары мектеп мұғалімдерінің жалақысы екі есе, балабақша тәрбиешілерінің еңбекақысы 30%-ға көбейген. Бұл шаралар педагогтардың әкімшілік жүктемесін азайтып, олардың негізгі міндеті – бала оқыту мен кәсіби дамуға көбірек уақыт бөлуіне жағдай жасады. Министрлік алдағы уақытта жас мамандарды қолдау, цифрлық сауаттылықты арттыру және кадрларды даярлаудың озық стандарттарын енгізуді жағастырады. Педагогтардың құқықтарын қорғауды заңнамалық тұрғыдан жетілдіру және оларды өз құзыретіне жатпайтын жұмыстардан босату басты назарда болмақ.

Кейінгі кезде қоғамда қызу талқыланып жатқан тақырыптардың бірі – мектеп директорларын тағайындау және атқару мерзімі туралы. Оқу-ағарту министрлігінің алқа отырысында бұл сұрақтың шешімі айтылды. Мектеп директорларының ротациялау ережесі өзгерді. Енді мектеп директорлығы қызметінде алдағы уақытта ауылдық жерге 5 жылдан 5 жылға дейін, ал қалалық жерде 3 жылдан 3 жылға дейін жұмыс істеуге мүмкіндік болады.

Айтқолын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Мұндай сәтте көпшілік «қазір доллар сатып алу қажет пе?» деген сұрақ қояды. Алайда қаржы мамандары асығыстық жасамауға жеке қаржылық жоспарға сүйеніп әрекет етуге кеңес береді. Валютаның қысқа мерзімде құбылуы тез. Нарықты дәл болжау мүмкін бола бермейді. Егер шет елге шығу жоспары болса, долларды біртіндеп сатып алу тиімді. Ал егер нақты қажеттілік болмаса «доллар қымбаттап кетеді екен» деп жинақты толықтай долларға айырбастау тәуекелді шешім. Экономист Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, ортаарпаңдандыра отырып жинақтау қауіпсіз.

– Қалтасында төл теңгесі бар қарапайым азаматтар эмоциямен жылдам доллар сатып алу қате шешім. Әдетте ақшаны үш түрлі валютада ұстаған дұрыс. Қаражаттың бір бөлігін теңгеді ұстап, қалғанын доллар мен еврода ұстау қаржылық сауаттылық, – дейді экономист.

Д.КЕҢШІЛІК

ФАКТЧЕКИНГ

БІРРЕТТІК ТӨЛЕМ ТӨЛЕНБЕЙДІ

Жақында әлеуметтік желіден «мемлекет тарапынан барлық азаматтарға бірреттік әлеуметтік көмек төленеді» деген мазмұндағы бейнероликтер кеңінен таралды. Мыңдаған қаралым жинаған видеода егевқа өтіп, жеке мәліметтерді толтыру қажеттігі айтылған. Бұл қызметті ақылы түрде жасап беретін адамдар да табылды. Ал қызырлы мемлекеттік органдар бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын ресми түрде мәлімдеді.



аудитория жинайды. Алайда олардың барлығы бірдей шынайы бола бермейді. «Tik-Tok» желісіндегі бірреттік әлеуметтік төлем алып беруге көмектесемін деген Гүлсара есімді қолданушыға хабарластық. Өтінім жіберу қызмет құнына 2 мың теңге көлемінде ақы сұраған ол бір реттік төлем төленетініне уәде бере алмайтынын айтты.

Қазіргі уақытта республика бойынша жалпыға бірдей бір реттік төлем қарастырылмаған. Әлеуметтік төлемдер заңға сәйкес нақты санаттағы азаматтарға ғана беріледі. Яғни, атаулы әлеуметтік көмек, мүгедектікке байланысты төлемдер, бала күтіміне арналған жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік қолдау шаралары бекітілген тәртіппен жүзеге асады. Ал «TikTok»-та тараған ақпарат шындыққа жанаспайды.

Жалған ақпарат азаматтарды адастыруы мүмкін, әсіресе, мұндай хабарламаларда күмәнді сілтемелер көрсетіліп, жеке сәйкестендіру нөмірі, банк картасының деректері немесе басқа да жеке ақпарат сұралса интернет-алауықты болуы мүмкін. Егер қандай да бір әлеуметтік төлем тағайындалса, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қолданыстағы заңнамада әлеуметтік төлем қарастырылмағанын хабарлады. Мұндай хабарламаларды көбіне алаяқтар азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізу мақсатында пайдаланатынын ескертті.

– Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде 2026 жылы табысы 232 мың теңгеден төмен отбасыларға, сондай-ақ белгілі бір сырқаты бар адамдарға 432 500 теңге мөлшерінде біржолғы төлем тағайындалатыны туралы таратылған ақпарат шындыққа сәйкес келмейді. Мемлекеттік қолдау шаралары туралы ресми мәліметтер тек 1414 нөмірін SMS-хабарламалар арқылы жіберіледі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жергілікті интернет-ресурстарында ғана жарияланады. Әдейі жалған ақпарат тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғатынын еске саламыз – делінген министрлік хабарламасында.

Кейінгі жылдары әлеуметтік желілер жалған ақпараттың тез таралу алаңына айналып отыр. Әсіресе, қысқа форматтағы бейнероликтер арқылы эмоционалды, сенсациялық мазмұндағы хабарламалар көп

– Бүгінгі күні мүгедектігі бар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, табысы төмен адамдарға, жұмыссыз азаматтарға бірреттік төлем туралы қауесетке сенбеді сұраймыз. Қалалық мәслихаттың шешіміне сәйкес өрт салдарынан, туберкулез ауруымен ауыратын амбулаториялық ем қабылдап жүрген, қатерлі ісік, лейкоз ауруымен диспансерлік есептегі азаматтарға әлеуметтік төлем қарастырылған. Емхана көрсетілімі бойынша қала әкімінің жанындағы комиссия отырысында қаралып, шешім қабылданады. Сондай-ақ 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай, «әйелдерге жаппай ақша беріледі» деген ақпарат та жалған, – деді Алмас Орынбеков.

Бүгінде отбасындағы еңбекке кабілетті жандарды жұмыспен қамтып, отбасын өмірлік қиын жағдайдан құтқару мақсатында ақшалай қолдау үшін атаулы әлеуметтік көмек жүргізіледі. 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша атаулы әлеуметтік көмекті 25,8 мың отбасындағы 138,1 мың адамға 2,3 млрд теңге көлемінде қаржы тағайындалған. Биыл бұл мақсатта бюджеттен 62,7 млрд теңге қарастырылған. Қазіргі кезде қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша «Мансат» орталығында, ауылдық округ әкіміне, сондай-ақ электрондық үкімет порталы (egov.kz) арқылы өтінім бере алады.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

Өткен жылы мұнай бағасы төмендеп, геосаяси тәуекелдер әсерінен теңге құнсызданды. Қазақстан шикізатқа тәуелді болмағандықтан бренд маркалы мұнай қымбаттап, доллардың түсімі көбейіп, теңге нығайды. Ел бюджетінің елеулі бөлігі мұнай сатудан түсетін кірістерге байланысты екені белгілі. Мысалы әлемдік нарықта доллармен сатылатын қара алтынның бір баррелі 80 доллар болса, бағам 450 кезінде бюджетке 36 мың теңге ғана түседі. Ал теңге бағамы 1 долларға 500 теңге болса 40 мың теңге. Яғни теңге әлсірегенде бюджетке кіріс автоматты түрде ұлғаяды.

– Бюджет шығыстары әлеуметтік төлемдер, жалақы, зейнетақы теңгемен төленеді. Кіріс доллардан түсіп, ал шығыс теңгеммен жүргізілсе әлсіз валюта белгілі бір деңгейде тепеңдік ұстауға септігін тигізеді. Бұл қарапайым азаматтарға тиімсіз болғанымен, әлсіз теңге бюджетке тиімді. Өйткені мемлекеттің негізгі

Басы 1-бетте

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов цифрлық теңгені бюджет түсімін көбейтуге кеңінен пайдалану жоспарланғанын айтты. Үкіметпен бірлесіп, сәуір айында бюджет бағдарламалары мен жобаларын цифрлық теңгеге көшіруге арналған кешенді іс-шаралар жоспары қабылданып отыр.

ДОЛЛАР АРЗАН, ТЕҢГЕ ҚЫМБАТ



түсімі доллар болғандықтан теңге күшті болса бюджетке түсім азаяды, – дейді экономист Бауыржан Ысқақов. Қоғамда АҚШ валютасы арзандады, енді сөредегі тауарлар бағасы неге өзгермейді? Бұл құбылыстың да бірнеше себебі бар екен. Импорттық тауарлардың басым бөлігі шетелден келетін болған соң олардың біразы көп мөлшерде сатып алынып, қоймаларға сақталады. Бүгінгі арзандаған баға

қоймадағы заттың бағасына әсер етпейтіні сол себепті. – Импорттық тауарлар неге арзандамайды деп жатамыз. Теория бойынша арзандауы керек. Бизнес көбіне бағаны тез түсірмейді. Сондықтан да әсері бірден сезілмейді. Баға арзан бағамен тауарлар келгенде ғана сезілуі мүмкін. Яғни нарық кезең-кезеңімен бейімделеді, – дейді экономист.

тиісті жеткізушіге ғана аударылады. Нәтижесінде қаражаттың мақсатсыз жұмсалыуына жол берілмейді. Осы арқылы мемлекеттік қаржының ашықтығын арттырып, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Салық жүйесінің цифрлық трансформациясы

2026 жылы салықтық әкімшілендіру толықтай цифрлық құралдарға негізделмек. «Smart Data Finance» талдамалық базасы құрылып, салық төлеушілердің қызметін бақылаудың жаңа жүйесі енгізілді. Платформа кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық деректерін жинап, талдайды, салықтық төлемдердің ашықтығын бақылауға мүмкіндік береді және алаяқтық әрекеттердің алдын алады. Сонымен қатар бұл жүйе мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасуды біріктіріп, салықтық басқарудың тиімділігін арттырады. Оңайлатылған декларацияны автоматтандыру, салық есептілігі нысандарын алдын ала толтыру, салық төлеушілер үшін ЖИ-сервис енгізу, мемлекеттік кірістер комитетінің дерекқорын басқа ведомстволармен интеграциялау жоспарланған.

Цифрлық теңге жай ғана жаңа төлем құралы емес. Ол мемлекеттік қаржыны басқарудың жаңа моделіне көшуге арналған стратегиялық құрал. Егер жоспарланған реформалар толық жүзеге асса, еліміздің қаржы жүйесі ашық, тиімді әрі заманауи цифрлық инфрақұрылымға негізделген модельге өтеді. Жоба ұлттық цифрлық валютаны шығару, айналысқа енгізу және өтеу үшін құқықтық шарттардың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Салық төлеуді жеңілдететін «Салық әмияны» тетігі де енгізіледі.

Думан РАХЫМЖАНУЛЫ

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ



– Алдымен жаңа жоба автожол құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, агроөнеркәсіп кешенін несиелеу, шағын және орта бизнесті қолдау, әлеуметтік сала және денсаулық сақтау бағыттарын қамтиды, – деді Тимур Сүлейменов.

Мемлекет қаржысы әдетте мемлекеттік тапсырыс сатып алу кезінде талан-таражға түсіп жатады. Енді оның жолы кесіледі. Мемлекеттік сатып алуға жаңашылдықтың бірі ретінде цифрлық теңгені қаражаттың нақты қайда кеткенін бақылауға болады. Мемлекеттік сатып алуларда қосымша құн салығы белгісі бар цифрлық теңге бюджетке немесе

Басы 1-бетте

Тоқаев цифрлық активтердің эжожүйесін қалыптастырудың маңызын атап өтті.

– Цифрлық активтердің толыққанды эжожүйесін тезірек қалыптастыруға жөн. Цифрлық теңгенің енгізілуі бұл жұмысқа септігін тигізіп жатыр. Қазіргі таңда жобаларды Ұлттық қор есебінен қаржыландыру кезінде цифрлық теңгені қолданып жүрміз. Енді оның

қолдану аясын одан әрі кеңейту қажет. Цифрлық теңгені республикалық және жергілікті бюджетте, мемлекеттік холдингтердің бюджетінде пайдалануға болады, – деді Президент.

Сарашылардың пікірінше, цифрлық теңге бюджет қаражатының ашықтығын қамтамасыз етіп, көлеңкелі экономиканы болдырмай, мемлекеттік төлемдердің азаматтарға делдалсыз жетуіне мүмкіндік береді. Цифрлық теңгені қолдану арқылы қаражаттың нақты қайда кеткенін бақылауға болады. Мемлекеттік сатып алуларда қосымша құн салығы белгісі бар цифрлық теңге бюджетке немесе

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Дауыс беруге арналған бюллетень»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты қорсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған қабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы


«Есептен шығару куәлігі»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді. 2026 жылғы 27 ақпандан бастап Сізге өз уәкілетінде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу уәкілетті референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпандан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін уәкілетті референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде уәкілетті референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша уәкілетті тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа уәкілетті дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы



Жаңа технология өндірістері қауіпсіздік пен экология мәселесін шешуге қалай әсер етеді? Жақында «Kazatomprom ATOMIC HACK» байқауы өтіп, онда «HubTech» тобы дәл осы сұраққа нақты жауап ұсынды. Олар уран өндіру алаңдарындағы ұнғымаларды қашықтан бақылап, қауіпті жағдай туындаса бірден әрекет ететін «Smart Wellhead» атты жобасын таныстырып, Гөрын иеленді. Жоба авторларының айтуынша, бұл жүйе қышқыл төгілуінің алдын алып, мыңдаған ұнғыманы бақылауға тәуелділікті азайтуға көмектеседі. Осы орайда біз «HubTech» тобының капитаны, Tech Lead Ғұбайдулла Орынбековпен тілдесіп, жобаның мақсаты туралы сұрап білдік.

Ғұбайдулла ОРЫНБЕКОВ, бағдарламашы, Tech Lead, «HubTech» командасының капитаны:

МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТІП, ӨНДІРІСТЕГІ ТӘУЕКЕЛДІ АЗАЙТУ

– Хакатонда берілген нақты мәселе қандай болды? Қандай шешім ұсындыңыздар?

– Бізге мәселе уранды жерасты ұнғыманы шаю әдісімен өндіру кезінде полигондардың тым ауқымды болуы. Мыңдаған ұнғыманы адамдардың бақылауы мүмкін емес. Ал құбыр жарылып, күкірт қышқылы төгілсе, бұл экологияға зиянын тигізсе төтенше жағдайға ұласуы мүмкін. Осыған жауап ретінде біз «Smart Wellhead» деп аталатын автономды бақылау модулін ұсындық. Құрылғы апатты 150 миллисекунд ішінде анықтап, клапанды автоматты түрде жабады және ақпаратты 15 шақырымға дейін қашықтыққа жібере алады.

– Бұл мәселені шешуде қандай кедергі болды?

– Ең үлкен кедергі өндірістік регламенттер мен далалық жағдайдың қаталдығы болды. Көп аумақта электр желісі де, интернет те жоқ. Сондықтан құрылғыны бір батареямен кемінде 1 жыл жұмыс істейтіндей етіп жасауға қажет болды. Сонымен бірге Қазақстанның -40°C суығы, боранды күндері мен шаң-тозаңына төтеп беруі керек. Сол себепті құрылғыға мықты қорғаныс деңгейіндегі корпус қарастырдық.

– Жүйе құрылымын түсіндіріңіз...

– Біз құрылғыны үш қарапайым қадаммен жұмыс істейтіндей етіп жасалдық.

Біріншіден, ол ұнғымадағы қысымды және сұйықтықтың құрамындағы өзгерісті үнемі бақылап тұрады. Екіншіден, қауіпті белгі байқалса, жүйе адам күтпей-ақ бірден әрекет етеді: клапанды жауып, күкірт қышқылының сыртқа төгілуін тоқтатуға тырысады. Үшіншіден, болған оқиға туралы диспетчерлерге дереу хабарлама келеді және бақылау экранында белгі шығады.

– Усыған жоба идея нұсқа ғана ма, әлде өндірісте қолдануға бола ма?

– Біз хакатонда идеяны айтып қоймай, жұмыс істейтін нақты үлгіні көрсеттік. Яғни құрылғының бағдарламасы дайын, ол деректерді оқып, есеп жүргізе алады. Ең бастысы, біз құрылғының сызбаларын да толық дайындап қойдық. Оны зауытқа жіберсе, платасын жасап, құрылғыны жинауға болады.

– Басқа топтардан өзгелерге ұқсайтын техникалық шешім қандай болды?

– Бізді айқын ерекшелендірген шешім – климаттық қорғаныс алгоритмі. Жүйе жанбыр суы мен күкірт қышқылын электрооткізгіштік деңгейі бойынша ажырата алады. Бұл жаңбыр жауғанда жүйенің орынсыз іске қосылып кетуін болдырмайды. Екінші маңызды артықшылық – бағасы. Біз ұсынып отырған шешім «Siemens» секілді аналогтардан шамамен 25 есе арзан. Бұл – отандық өндіріс пен локализацияның нақты нәтижесі.

– Егер 48 сағат емес, 3 ай уақыт берілсе, қандай өзгеріс қосар едіңіздер?

– Егер бізге 48 сағат емес, 3 ай уақыт берілсе, шешімді екі бағытта күшейтер едік. Біріншіден, жүйені «ақылдырақ» етіп, апат болғаннан кейін ғана емес, апатқа дейін белгі беретіндей етер едік. Құбырдағы қысымның өте ұсақ өзгерістерін бақылап, «қауіп жақындап келеді» деп алдын ала ескерту құбыр жарылмай тұрып, жөндеуді жоспарлауға көмектеседі.

Екіншіден, құрылғыны одан әрі тәуелсіз ету үшін күн панелдерін қосып, өзіне қажет қуатты күннен алып, батареяны ұсаққа жеткізетін жүйе.

– Қазір қандай жобалармен айналысып жүрсіздер?

– «HubTech» командасы жалпы өндірісті цифрландыру бағытын жүйелі түрде дамытып келеді. Біздің мақсат – Қазақстанның ірі өндірістік компанияларына, соның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» пен «ҚазМұнайГаз» секілді алыптарға отандық, сенімді және тиімді шешімдер ұсыну. Тек код жазып, жүйе құру жеткіліксіз. Жасаған өнім компанияға қанша қаржы үнемдейтінін, тәуекелді қалай төмендететінін, ең бастысы, нақты өндірісте қалай орнатылатынын дәлелдеу керек.

– Халықаралық хакатондармен нарыққа шығу жоспарыңыз бар ма?

– Иә, жоспарымыз бар. Біз қолданған технологиялар әлемдік нарықта кең тараған стандарттар. Сол себепті шешімімізді халықаралық деңгейге бейімдеп, ең алдымен Аустралия мен Канададағы уран өндіріші компанияларға ұсынуға болатын деңгейге жеткізіміз келеді.

– Адағы жоспарларыңыз қандай? Жас IT мамандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Жоспарымыз «HubTech»-ті өндірістік технологиялық хабқа айналдыру. Ал жас мамандарға айтарым, тек мониторға қарап, бағдарлама құру емес, міндетті түрде сыртқа шығып, нақты өндірісті көру керек. Құбырдың, майдың, датчиктің қалай жұмыс істейтінін көзбен көргенде ғана шынайы мәселе айқындалады. Нағыз IT өмірдегі нақты мәселені шешуден басталады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Команда капитаны, Жасанды интеллект институтының CRAI-24-1 студенті Қанат Ернұрдың айтуынша, жарысқа дайындыққа берілген уақыт тым аз болған. Үш күн идеядан жүйе жасауға аз көрінгенімен, LUPIC командасы үшін бұл уақыт барынша тиімді пайдаланылған.

– Жарысқа бар болғаны үш күн берілді. Екі күн бойы жобаны жасап, робот-итті тоқтаусыз сынақтан өткіздік. Біз роботтың ЖИ жобасын әзірлеп, қайта-қайта сынадық. Аяқтай алмаасақ, басынан бастап роботты орнына қойып, тесті жалғастырдық, – дейді ол.

Ернұрдың сөзінше, олардың негізгі бағыты – компьютерлік көру. Яғни роботты «көзі» жасап, айналыны түсініп, өзіне шешім қабылдайтын

– Біз қиындыққа мойымадық. Әр сәтсіз тестілеу сайын жобаны өшіріп, итті орнына қойып, жобаны қайта іске қоса бердік. Өзіміздің есептеуіміз бойынша, сол кезде роботтың жолдан сәтті өту ықтималдығы 75 пайыздың айналасында еді. Бірақ бізге тұрақтылық керек болды, – дейді Қанат Ернұр.

Дәл осы тұста инженерлердің кәсіби дағдысы байқалады. Бұл – тек бағдарламалау емес, жоспарлау мен тәуекелді басқару. Команда мүшесі, CRAI 25-1 студенті Аян Нұрлыбекұлы дайындық барысындағы жұмыс тәсілін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, олар міндеттерді қатаң бөліп тастамай, бірлесіп әрекет еткен.

– Бізде «бір адам – бір бағыт» деген қатаң бөлініс болған жоқ. Біріміз код

РОБОТ ИТТІҢ КӨМЕГІ

деңгейге жеткізу. Бұл жерде тапсырма қарапайым. «Робот қабырғаны көрсе, бұрылсын, жол ашық болса, алға жүрсін». Бірақ практикада ең үлкен қиындық дәл осы қарапайым логиканың ішінде жатыр.

– Біз итке ЖИ көзін бердік. Ол қабырғаны танып, одан бұрылып өтетін алгоритм құрады. Бірақ бір қиын болғаны қабырға арасындағы ашық, ірілеу тесіктер кедергі жасады. Робот ит ол тесікті көрсе, «шығатын жол» деп түсініп, сол жерге басын тығып тұрып қалатын. Сондай сәттер көп болды, – дейді команда капитаны.

Сайыс жағдайында бұл бір ғана қателік емес, бүкіл жоспардың тоқтап қалуы. Себебі автономды режимде тұрған робот бір жерге кетпесе, уақыт жоғалады, тапсырма аяқталмайды, нәтижеге әсер етеді. Сондықтан команда әрбір кедергіден кейін жүйені қайта қарап, маңызды бөлікті ғана түзетіп отыруға мәжбүр болды.

Басы I-бетте

Не өзгерді? Егер бұрын біз Google-дан ақпаратты қолмен іздесек, қазір смартфон сіздің дауысыңызды және күнделікті әдеттеріңізді түсінеді. Мысалы, таңертең сізге кофе дайындауды ескертіп қана қоймай, электронды поштаңызды сұрыптап, ең маңыздыларын қысқаша мазмұндап береді. Бұл «ақылды» жүйелер интернетсіз де жұмыс істей бастағаны таңғалдырады.

Нейроинтерфейстер – ой арқылы басқару

Ақпан айында Илон Масктың «Neuralink» компаниясы мен оның бәсекелестері кезекті сенсация жасады. «Wired» журналының деректеріне сүйенсек, адам миы мен компьютерді байланыстыратын чиптер енді тек медицинада емес, тұрмыста да сынақтан өте бастады.

Қарапайым тілмен айтқанда, болашақта тінтуір немесе пернетақта қажет болмай қалуы мүмкін. Адам тек ойлау арқылы экрандағы курсорды қозғалтып немесе мәтін жаза алады. Әзірге бұл технология мүмкіндігі шектеулі жаңалыққа көмектесуге бағытталған, бірақ ғалымдар бұл «киборгтар дәуірінің» басы екенін айтады.

Жасанды интеллекттің жаңа «миы»: Модельдер бәйгесінде кім озып тұр?

2026 жылдың алғашқы айлары жасанды интеллект саласы үшін нағыз серпіліс кезеңі болды. Қаңтар айында «Google» корпорациясы өзінің «Gemini» жүйесіне «Personal Intelligence» атты ерекше функцияны қосып, технологияны жаңа деңгейге көтерді. Бұл жаңашылдық «Gmail» поштасын, күнтізбені және басқа да «Google» қосымшаларын бір орталыққа біріктіріп, пайдаланушыға жеке кеңесші ретінде қызмет ете бастады. Енді «Gmail» ішіндегі мәтін жазуға көмектесетін функция тегін, тиімді болса, күрделі өңдеу жұмыстары ақылы негізде ұсынылады. Сонымен қатар «Chrome» браузеріне енгізілген Gemini 3 нұсқасы сайттарға автоматты шолу жасап, суреттерді тікелей терезе ішінде өзгертуге мүмкіндік береді.

Ақпан айында технологиялық алпауыттар арасындағы бәсеке тіпті қыза түсті. «OpenAI» компаниясы «GPT-5.3-Codex» моделін таныстырып,

Басы I-бетте

ТАСБӨГЕТ КЕНТІ: МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсатының бірі – халыққа сапалы қызмет көрсету. «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Тасбөгет кенті әкімінің аппараты халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектері бар адамдарға және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Осы мақсатта «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту», «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер



– Негізгі, бұл жарыстың мақсаты – өрт кезіндегі немесе қауіп төнген жағдайда осындай робот-иттерді автономды жүргізу. Үш түрлі жолдың өзі өте қиын. Қысық-қысық, күтпеген қаптарлы жерлері көп. Оның үстіне QR кодтарды автономды сканерлеу бар, – дейді команда капитаны.

Бүгінде команда мүшелері бұл тәжірибе тек бір жарыстың нәтижесі емес, үлкен бағыттың бастауы екенін айтады. Робот иттер адам бара алмайтын қауіпті аймақтар үшін таптырмас құрал. Өрт кезінде түтін басқан ғимаратқа кіру, құлау қаупі бар орындарды барлау, зардап шеккендерді іздеу сияқты міндеттерді автономды орындауға жүйелердің пайдасы зор.

– Бұл технологияның болашағы өте үлкен. Ең алдымен өрт сөндіру және құтқару жұмыстарында таптырмас көмекші. Адам бара алмайтын қауіпті аймақтарға робот иттерді жіберуге болады. Олар сенсорлар арқылы ішке кіріп, жағдайды бағалап, қажет ақпаратты жеткізе алады. Бірақ мұның бәрі үшін тек код емес, командалау жұмыс, логикалық ойлау, математика мен физиканы түсіну маңызды, – дейді Аян Нұрлыбекұлы.



код жазу жылдамдығын 25 пайызға арттырды және ұзақ мерзімді тапсырмаларды өз бетінше орындауға қауқарлы екенін көрсетті. Бұған жауап ретінде «Anthropic» компаниясы «Claude Opus 4.6» және «Sonnet 4.6» нұсқаларын жаңартып, қаржылық есептеулер мен компьютерді адам сияқты басқару қабілетін жетілдірді. Илон Масктың xAI компаниясы да қалыс қалмай, «Grok» жүйесіне бірнеше виртуалды агенттің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін технологияны енгізді, бұл қателіктер санын 65 пайызға азайтуға септігін тигізді. Шығыстан келген «Alibaba»-ның «Qwen 3.5» ашық моделі де батыстың жабық жүйелерімен терезесі тең екенін дәлелдеп үлгерді. Қарапайым тілмен айтқанда, жасанды интеллект енді жай ғана ақпарат іздейтін құрал емес, сіздің орныңызға ойлану, күрделі істерді тындыратын нағыз сенімді серіктеске айналып отыр.

Meta өзгерістер: Жаңа интерфейс, жасанды интеллект және заң талаптары

Технология әлемінің алпауыты «Meta» компаниясы соңғы айда бірнеше бағытта үлкен жаңалықтарды бөлісті. Пайдаланушылардың көз қуанышына айналатын дизайндрдан бастап, заң алдындағы жауапкершілікке дейінгі маңызды оқиғалар ақпараттық кеңістікті шарлап жүр.

WhatsApp-тың жаңа кейпі: «Сұйық шыны» әсері

iPhone пайдаланушылары үшін жағымды жаңалық. WhatsApp мессенджері «Liquid Glass» (Сұйық шыны) деп аталатын мүлдем жаңа интерфейс дизайнын сынақтан өткізуде. «WAbetaInfo» басылымының жарияланған ақпаратына сүйенсек, бұл дизайн қолданбаға ерекше «тереңдік» пен эстетикалық сұлулық сыйлайды. Панельдер жартылай мөлдір болып өзгеріп, экрандағы элементтер ауада қалқып тұрғандай әсер қалдырады. Бұл тек сұлулық үшін емес, қолданушының интерфейс ішінде адаласпай, ыңғайлы етіп жасалған қадам.

Meta және жасанды интеллект: Сауда-саттықтың жаңа деңгейі

Компания тек сыртқы көріністі емес, ішкі мүмкіндіктерді де дамытуда. Жақында сатып алынған «Mapus» технологиясының негізінде Meta жаңа жасанды интеллект құралдарын енгізе бастады. Бұл жүйе сіздің тапғамыңызды жіті түсініп, онлайн сауданы барынша жекелендіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, ЖИ сізге не қажет екенін алдын ала болжап, сатып алу процесін жеңілдетеді.

Бетті дайындаған: **София ХАЙРУЛЛА**

СПОРТ

АРМАНҒА АДАЛ
БОЛУ КЕРЕК

Қазіргі таңда жастар арасында қарқынды дамып келе жатқан спорт түрінің бірі – грэпплинг. Бұл – күрестің бірнеше бағытын біріктірген, еркіндікке негізделген жекпе-жек өнері. Грэпплинг тек күшке ғана емес, ой мен есепке сүйенетін спорт түрі. Ұлт намысын қорғап, көк туымызды желбіретіп жүрген, жас та болса әлемдік додаларды бағындырған Әлижан Алматымен тілдесудің сәті түсті. Бүгінде ол грэпплингтен әлем чемпионы, 2 дүркін Ашық Азия чемпионы, сондай-ақ 2 дүркін Қазақстан чемпионы.



– Алғашында футболмен айналыстым. Жаттықтырушымен мені қақпашы етіп қойды. Шыны керек қызығушылығым азия түсті. Бірақ бұл спорт түрі маған жақын болмады. Сол кезде достарым грэпплинг секциясы ашылғанын айтып, барып көруге кеңес берді. Көп ойланбастан бардым. Содан осы спортпен жүйелі айналысып келемін, – дейді ол.

Кейіпкеріміз бұл спорт түрінің ерекшелігі көп екенін айтады. Мысалы мұнда қылғындыру, қолаяққа ауыр күш жұмсау әдісін қолдануға болады. Дзюдоны алсақ, көбінесе тік қалпы күреседі. Ал бізде партердегі күрес басым. Сол еркіндік те оны қызықтыра түскендей.

Жаттығуды да жүйелі білу маңызды. Әрбір жаттығу шамамен екі сағатқа созылады екен.

– Алдымен денені қыздыру, одан кейін қажетті әдістерді пысықтау және сонында еркін күрес болады. Қыздыруны кейде ойын форматында өтеді. Ерекшелігі де осы. Кейін өзімізге керек жаттығуларды жасап, күресеміз, – дейді ол.

Бұл спортта тактиканың маңызы ерекше. Грэпплинг – кішкентай шахмат сияқты. Әр әдісті ойлап жасау керек. Бір ғана қателік жіберсең, жеңіліп қалуың мүмкін.

Алғашқы жарыс оның есінде ерекше сақталыпты.

– Қатты қобалждым. Атымды атаған кезде бойымдағы қорқыныш одан сайын күшейді. Не істерімді білмей қалдым. Сол жарыста жеңіліп қалдым, бірақ бұл маған үлкен сабақ болды. Түсінгенім, адам өз-өзіне сенімді болу керек. Қазір, міне, грэпплингтен әлем чемпионымын. Ең маңыздысы, өзіне деген сенім, арманына адал болуың, – дейді ол.

Жарыс алдындағы ең ауыр кезең – салмақ қуу. Салмақ қуу – көп спортшыны сындыратын сәттігі бірі. Күрестің өзі қиын болмағанымен, салмақ қууда шыдамдылық керек. Спортшылардың басым бөлігі осы мәреге жеткенде, яғни салмақ қууға келгенде спортты тастап кететіндері де болады. Бастысы, төзім және тәртіп керек екен, – дейді спортшы.

Оқу мен спортты қатар алып жүру де оңай емес. Әлижанның айтуынша, университет оған әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Болашаққа қойған мақсаты да биік.

– Әлемге әйгілі спортшы болғым келеді. Грэпплингтің дамуына үлес қосып, халықаралық жарыстарда көк туымызды биікке көтерсем деймін, – дейді ол.

Ғайниза ТӨЛЕСОВА

ДЕНСАУЛЫҚ

Бір сәт айналыңызға көз салып қараңызшы. Барлығы асығыс, бәрі қарбалас. Осы сәтте өміріміздегі жетістікке емес, күнделікті әдетімізге үніліп көрдік пе?

Денсаулығым үшін не істеп жүрмін? Не жеймін? Спортпен айналысамын ба? Бұл сауалдарға жауап беру оңай емес. Ең қорқыныштысы, дерт жас талғамайды. Мұның бәрі неден? Жауабы қарапайым: күнделікті тұтынатын тағамымыздан екені белгілі.

Сабаққа асыққан студент те, үзілісте ас ішуге шыққан оқушы да көбіне бургер мен пиццаны таңдайды. Қонақ келсе, үйде ас әзірлеуден гөрі, сырттан дайын тағамға тапсырыс беру қалыпты жағдайға айналғандай. Дастарханда дәм бар, бірақ құнар аз. Иә, фаст-фуд уақыт үнемдейді. Алайда дәл солай адамның өмірін де үнемдейтініне кім кепіл?

ФАСТ-ФУД
ЖЕГЕН БАЛА

Статистика не дейді?

ЮНИСЕФ ұйымының 2025 жылғы деректеріне сүйенсек, әлемде 5-19 жас аралығындағы 188 миллион бала семіздіктен зардап шегуде. Бұл тарихта алғаш рет семіз балалар саны салмақ жетіспеушілігі бар балалардан асып түскенін көрсетеді. Мұның басты себебі – фаст-фуд, тәтті, газдалған сусындар мен құнарсыз тағамдарды жиі тұтынуы. Сарапшылардың айтуынша, балалардың тағам таңдауы көбіне жарнамаға тәуелді. Сауалнама нәтижесі бойынша, жасөспірімдердің 75 пайызы фаст-фуд жарнамасын жиі көретінін, ал 60 пайызы сол жарнаманың әсерімен зиян тағамды тұтынатынын мойындаған.



Фаст-фудтың құрамы қандай?

Тез дайындалатын тағамның қалай әзірленетінін көпшілік біле бермейді. Бір рет қолданылуы тиіс майдың бірнеше мәрте қайта пайдаланылуы, ет өнімдерінің толық піспеуі фаст-фуд өнімдерінде жиі кездесетін жағдай. Кейде оның қандай ет екені, тіпті «халал» талаптарына сай келуі де күмән тудырады. Фаст-фуд дайындауда трансмайлар кеңінен қолданылады. Транс-изомерлі қышқылар жүрек-қан тамырлары ауруларын асқындырып, инфаркт, диабет, қатерлі ісік, Альцгеймер дерті мен бүйрек ауруларына дейін әкелуі мүмкін. Мамандардың айтуынша, трансмай мөлшері 1 пайыздан аспауы тиіс. Ал бір ғана фри картобында оның үлесі 30-40 пайыздан асады. Тағы бір өзекті мәселе – тағамның құнарсыздығы. Түрлі бояғыштар мен дәм күшейткіш қоспалар тәбетті арттырып, зиянды асқа тәуелді етеді. Соның салдарынан чипсы, сухарик, майонез бен жартылай фабрикаттарға сұраныс артады.

Фриден сақ болыңыз

Фри дайындауда көбіне пальма майы қолданылады. Пальма мен кокос майларында трансмай мен эрук қышқылының мөлшері жоғары. Дәмін арттыру үшін дәмдеуіштер қосылады. Сонымен қатар фридегі тұз мөлшері де шамадан тыс. Талап бойынша 100 грамм тағамға 1-1,5 грамм натрий хлориді жеткілікті. Ал тұздың артық мөлшері ағзадағы сұйықтық алмасуын бұзып, бүйрек, бауыр аурулары, гипертония мен жүрек дертіне себеп болады. Әдетте фриге балалар әуес болады. Бірақ та ең қауіпті тағам екенін ұмытпағайсыз.

Мамандар не дейді?

– Бұрын қант диабеті мен асқазан аурулары көбіне жасы қырықтан асқандарда кездесетін. Қазір

бұл дерт жас талғамайды. Фаст-фудтың калориясы өте жоғары. Көпшілік оны кешкі асқа тұтынады, ал қозғалыс аз. Таңғы ас ішпейді. Нәтижесінде асқазан-ішек аурулары көбейіп, жастар арасында анемия жиілеп отыр. Оның басты себебі құнарлы тағамның жетіспеуі, – дейді дәрігер Ләйлі Майлыхожаева.

Ата-аналар да фаст-фуд өнімдеріне қатысты өз қарсылықтарын білдіреді. Олардың пікірінше, мұндай тағамдар қоғамды түрлі ауруларға жетелейтін негізгі себептердің бірі.

Балалар мен жасөспірімдердің фаст-фуд пен энергетикалық сусындарға тәуелділігі мемлекет назарынан да тыс қалған жоқ.

– Фаст-фуд – денсаулыққа зиян. Мен балаларымның зиян тағамдарды тұтынбауына барынша мән беремін. Алайда сыртта не жейтінін толық бақылау әрдайым мүмкін бола бермейді. Сол себепті балаларым үшін фаст-фудты үй жағдайында өз қолыммен әзірлеймін. Бұл еш қиындық тудырмайды. Үйде дайындалған ас – таза, қауіпсіз. Балаларыма еш алаңсыз ұсынамын, – дейді көпбалалы ана Гүлдана Мұратқызы.

Жыл басында премьер-министр Олжас Бектенов бұл мәселеге арнайы тоқталып, Денсаулық сақтау министрлігіне нақты тапсырмалар жүктеді. Үкімет басшысының айтуынша, балалардың тамақтану мәдениеті – ел болашағына тікелей әсер ететін фактор.

– Бұл – өте қауіпті үрдіс. Оған қоғам болып тосқауыл қоюымыз қажет, – деді премьер-министр. Осыған сәйкес, 2026 жылдың I ақпанынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында тосыннан тексеру қағидаты енгізіліп, балалардың тамақтану сапасы қатаң бақылауға алынбақ. Қысқасы, жеген тағамыңызға сақ болыңыз. Денсаулық кейінге қалдыратын дүние емес екенін ұмытпайық.

Айдана БАХТИЯР

ӨНЕР

ИСЛАМ ӘЛЕМІ
МОЙЫНДАҒАН
ЖЕТІСТІК

Қазақтың ою-өрнегі және «Қармақшы жыраулары» Ислам әлеміне танылды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәлімдемесінде жуырда, 9-13 ақпан аралығында Ташкент қаласында Ислам әлемі білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы – ИСЕСКО Мәдени мұра комитетінің XIII сессиясы өткені туралы айтылған.

Жиын барысында мүше мемлекеттерден түскен 100-ден астам өтінім қаралып, оның ішінде Қазақстан ұсынған екі номинация «Ою-өрнек» және «Қармақшы жыраулары» – Ислам әлемі мұралары тізіміне енді.

– Бұл қабылданған шешім – Қазақстан Республикасының ислам әлемінің материалдық емес мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау бағытындағы жүйелі жұмысының жоғары деңгейде мойындалуының айқын көрінісі. «Қармақшы жыраулары» ИСЕСКО тізіміне енуі осынау ұлттық өнеріміздің одан әрі қорғалуына, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелуіне және халықаралық деңгейде кеңінен ілгерілеуіне мүмкіндік береді.

Ұлттық руханиятымыз бен дәстүрлі өнеріміздің мәртебесін арттыратын маңызды тарихи оқиға. Осы орайда Қошаней Рүстембеков атындағы жыраулар үйі келешекте әлемдік деңгейлі мәдени орталықтарының біріне айналып, Қармақшы жыраулық өнерінің әрі қарай дамуына өз үлесін қосарына сенімдіміз, – дейді белгілі жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова.

Айта кетейік, бұған дейін ИСЕСКО Мәдени мұра комитетіне Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор атынан да ұсыныс жолданып, онда «Қармақшы жыраулары» ежелден жалғасып келе жатқан жыраулық дәстүрдің нелері, олардың репертуарындағы дастан, аңыз, рухани өсиеттер мен тарихи шежірелер мұсылман әлемінің рухани-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі ретінде халықаралық деңгейде мойындауға лайық екені жазылған.

Ал ИСЕСКО Мәдени мұра комитетінің XIII сессиясында арнайы баяндама жасаған өнертану докторы Саида Абдрахманқызы Еламанова жоғарыда аталған ұсынысты қорғап шығып, «Ою-өрнек» және «Қармақшы жыраулары» Ислам әлемі мұралары тізіміне енді.

«Ақмешіт-ақпарат»

– Флорист болу үшін арнайы білім қажет пе, әлде шығармашылық қабілет жеткілікті ме?

– Ең алдымен шығармашылық қабілет керек. Әр түрлі түстермен жұмыс істей білу қажет. Әр гүлдің өз мағынасы бар. Сол мағынаны ескеріп, дұрыс композиция жасау маңызды. Ең бірінші, гүлдің кімге арналғанын ескереміз. Жасна, мерекеге сай гүл шоғын жасаймыз. Түстер үйлесімі өте маңызды. Мысалы, қызыл раушан – махаббатты білдіреді, ал ақ раушан – сыйластық пен тазалықтың белгісі.

– Тапсырыс берушілер көбіне қандай гүлдерді таңдайды? Соңғы уақытта қандай гүлдер трендте?

– Көбіне раушан гүлдері, пиона, гортензия гүлдеріне сұраныс жоғары. Бірақ әлеуметтік желінің дамуына байланысты әлемдік трендтер де тез тарайды. Мысалы, 14 ақпанда атап өтетін «Valentine's Day» мерекесінде айналадағы жазулы гүлдер трендте айналды. Ортадағы жазуларымен ерекше композициялар көп сұралды. Сонымен қатар гүлмен бірге ашық хаттар маңызды рөл ойнайды. Биыл ашық хаттар жылы десек те болады. Мысалы, «себепсіз, себеп – сіз» «мен сүйген гүл бақытты болуға тиіс» деген тіркестермен ашық хаттарды жазуды тұтынушылар көптеп сұратады. Негізінде әр айдың өз гүлі бар. Наурыз айында қызғалдаққа сұраныс көп болады. Мамыр айында пион гүлі өтімді. Кейбір гүлдер тіпті ән арқылы трендте айналып жатады. Мысалы, «Апрельский сирень» әнінен кейін сирень гүліне қызығушылық артты.

– Тұтынушының көңілінен шығу оңай ма? Есте қалған қызық оқиға...

– Тапсырыс берушінің көңілінен шығу оңай емес. Әркімнің талғамы әртүрлі. Бірде бір кісі анасының туған күніне гүл сұрады, бірақ қандай болу керектігін нақты айтпады. Өз тәжірибеме сүйеніп, хризантемадан қарапайым, артық қағазсыз, жіптен

Басы 1-бетте

«Lotus Flowers» гүлдер дүкенінің флористі Нұрбек МЕЙРАМУҰЛЫ:

АДАМДАРДЫҢ БАҚЫТТЫ
СӘТТЕРІНЕ СЕБЕПКЕРМІН

байланған гүл шоғын жасап бердім. Ол кісіге қатты ұнады. Біреуіне орамамен ұнайды, біреуіне табиғи қалпында ұнайды. Кей жағдайда жігіттер қауымы қызына 200-300 мың теңгеге гүл алып, ұнатып жүрген қызы қабылдамай қойған жайттар жиі кездеседі. Сол сәтте дүкенге әкеліп, қайта өткізуді сұрайды. Дегенмен, гүл сыртқа біршыққаннан кейін бастапқы қалпын жоғалтады. Сол себепті қайта алмаймыз.

– Флористика – тек өнер ме, әлде уақытша табыс көзі ме?

– Флористика – ең алдымен өнер. Сонымен қатар табыс көзі. Бірақ жеке бизнес жүргізу оңай емес. Гүл – нәзік, ұзақ сақталмайтын тауар. Сондықтан есеп пен жауапкершілік қажет.

– Сіздің ойыңызша, гүлдің адам өміріндегі орны қандай?

– Гүл – ең бірінші эмоция. Адамдар ерекше сәттерін гүлмен байланыстырады. Себепсіз гүл сыйлау арқылы жақыныңызды қуантасыз. Қазір гүл сыйлау мәдениеті жақсы қалыптасып келеді. Бұрын гүл тек мерекелерде, қазір себепсіз де гүл алатындар бар. Әсіресе ерлер қауымы гүл сыйлауда жомарт болып келеді. Біздің жұмыстың бір ерекшелігі – адамдардың бақытты сәттерінің себепкері болуы.

– Болашақта флористика саласын қалай дамытқыңыз келеді? Жас мамандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Жас мамандарға айтарым – бұл салаға ертерек келген дұрыс. Жас кезде үйрену оңай. Энергия көп, қабылдау жылдам болады. Ең алдымен,

шыдамдылық пен талғам керек. Бұл – тек гүл жинау емес, бұл – өнер. Үнемі үйреніп, трендті бақылап, тәжірибе жинау маңызды. Ең маңыздысы жұмысты жақсы көру.

– Әгіменіңізге рахмет.

Әңгімелескен
Айдана БАҚЫТҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторымыз, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3875 Тапсырыс №360

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР